

Б.А. Ильясова  , А.М. Жусупова* 

¹<https://orcid.org/0000-0003-3076-4549>

²<https://orcid.org/0000-0002-4831-3124>

А. Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті, Қазақстан, Қостанай қ.

[*zhussupova_a@mail.ru](mailto:zhussupova_a@mail.ru)

ЖАСӨСПІМДЕРДІҢ РУХАНИ ДАМУЫНА ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІЛЕРДІҢ ЫҚПАЛЫ

Мақалада қазіргі интернеттің, әлеуметтік желілердің жастардың оң немесе теріс әсері туралы сөз қозғалған. Цифрлық қоғамды дамыту контексінде жастар ерекше әлеуметтік топ ретінде мемлекет пен қоғамның дамуында шешуші рөл атқарады. Жастар – Қазақстанның болашағы, денсаулық, зияткерлік белсенділік және ұтқырлық тұрғысынан халықтың басқа топтарынан айтарлықтай ерекшеленетін ұрпақ. Кез-келген зерттеу контексінде жастардың әрбір жеке өкілін әлеуметтік қалыптасу мен дамудың өзіндік ерекшелігі бар нақты адам ретінде қарастыру қажет. Әлеуметтік желілер арқылы адамдар тек байланысып қана қоймай, кеңестерімен, кәсіби дағдыларымен бөліседі, өз қызметін дамытады, мәмілелер жасайды және зерттеулер жүргізеді. **Мақсаты:** Әлеуметтік желілердің қазіргі жастар бойында рухани құндылықтарды қалыптастыруға әсер ету ерекшелігін талдау. **Ғылыми идеялар:** Әлеуметтік желілердің дамуы біздің өмірімізді жеңілдетіп қана қоймай, теріс әсерлерін де тигізуде. Зерттеу барысында кері ықпалын зерттеп, оны оң жағынан пайдалануды қарастырамыз. Біз ақпараттың үлкен ағымы жас адамның санасына қалай әсер ететінін көреміз. **Зерттеу нәтижелері:** Мақалада жастардың санасына әлеуметтік құндылықтарды негіздеуде ақпараттық коммуникациялық технологиялардың алатын орны жайлы жан-жақты сараптама жасалған. **Зерттеудің құндылығы** – мақалада әлеуметтік желілердің қазіргі жастардың құндылықтар жүйесін қалыптастыруға теріс әсер ету тәжірибесі жан-жақты көрсетілген, әлеуметтік медианың әсері екіұшты: теріс әсері неғұрлым өткір, күшті және терең. Олар теріс салдарға әкеледі. Қазақстандық жастар санасында әлеуметтік маңызы бар құндылықтардың қатарынан индивидуалистік мінез-құлық белгілерін байқауға болады.

Түйінді сөздер: интернет, әлеуметтік желі, ақпараттық қоғам, компьютерлік сауаттылық, қашықтықтан оқу

Б.А. Ильясова, А.М. Жусупова*

¹<https://orcid.org/0000-0003-3076-4549>

²<https://orcid.org/0000-0002-4831-3124>

Костанайский региональный университет имени А.Байтұрсынова, Казахстан, г.
Костанай

[*zhussupova_a@mail.ru](mailto:zhussupova_a@mail.ru)

В статье актуализируются проблемы положительного и отрицательного влияния современного Интернета, социальных сетей на молодежь. В контексте развития

цифрового общества становится все более очевидным, что молодые люди как особая социальная группа должны играть ключевую роль в развитии государства и общества. Молодые люди - будущее Казахстана, поколение, которое существенно отличается от других групп населения с точки зрения здоровья, интеллектуальной активности и мобильности. В контексте любого исследования необходимо рассматривать каждого отдельного представителя молодежи как реального человека со своеобразным его путем социального становления и развития. Через социальные сети люди не только общаются, но и делятся советами, профессиональными навыками, продвигают свою деятельность, заключают сделки и проводят исследования. **Цель:** проанализировать и найти признаки влияния социальных сетей на формирование ценностей современной молодежи. **Научные идеи:** быстрое распространение Интернет коммуникаций, погружение в виртуальную среду для молодого человека проходит не бесследно. Мы видим как большой поток информации влияет на сознание молодого человека. **Результаты** исследования таковы, что подтверждена значимость информационно-коммуникационных технологий в процессе деформации ценностных ориентиров, специфики современных представлений молодежи о месте социальных ценностей в жизненном пространстве. **Ценность** исследования состоит в том, что обобщен опыт негативного влияния социальных сетей на формирование системы ценностей современной молодежи. В публикации отмечается, что влияние социальных сетей неоднозначно, негативное влияние более остро, сильно и приводит к более глубоким негативным последствиям. На смену социально значимым ценностям в сознании казахстанской молодежи все чаще проявляются признаки индивидуалистического поведения, все более заметны противоречивые взгляды на мир.

Ключевые слова: интернет, социальная сеть, информационное общество, компьютерная грамотность, дистанционное обучение.

В.А. Пыасова , А.М. Zhussupova* 

¹<https://orcid.org/0000-0003-3076-4549>

²<https://orcid.org/0000-0002-4831-3124>

A.Baitursynov Kostanay Regional University, Kazakhstan, Kostanay

*zhussupova_a@mail.ru

The article actualizes the problems of the positive and negative influence of the modern Internet, social networks on young people. In the context of the development of a digital society, it is becoming more and more obvious that young people, as a special social group, must play a key role in the development of the state and society. Young people are the future of Kazakhstan, a generation that differs significantly from other groups of the population in terms of health, intellectual activity and mobility. In the context of any research, it is necessary to consider each individual representative of youth as a real person with his own way of social formation and development. Through social media, people not only communicate, but also share advice, professional skills, promote their activities, conclude deals and conduct research. **Purpose:** to analyze and find signs of the influence of social networks on the formation of values of modern youth. **Scientific ideas:** the rapid spread of Internet communications, immersion in the virtual environment for a young person does not pass without a trace. We see how a large flow of information affects the mind of a young person. **The results of the research** are such that the

significance of information and communication technologies in the process of deformation of value orientations, the specifics of modern ideas of young people about the place of social values in the living space is confirmed. **The value of the study** lies in the generalization of the experience of the negative impact of social networks on the formation of the value system of modern youth. The publication notes that the impact of social networks is ambiguous, the negative impact is more acute, strong and leads to deeper negative consequences. Signs of individualistic behavior are increasingly showing up in the minds of Kazakhstan youth to replace socially significant values, and contradictory views of the world are becoming more noticeable.

Key words: Internet, social network, information society, computer literacy, distance learning.

Кіріспе

Қазіргі өмірде адамдардың қарым-қатынасты ұйымдастыруда веб-технологияларды қолдануы қарапайым нәрсе. Шын мәнінде, біз байланыс орнатудың жаңа пішінімен, қарым-қатынасты ұйымдастырудың тың құралдарымен айналысамыз. Байланыс бұл түрі қарым-қатынастың негізін өзгертеді. Бұл құбылыстар бүкіл қоғамның құрылымына айтарлықтай сапалы метаморфозға алып келеді, жасөспірімдердің мінез-құлқы, өзін-өзі ұстауына өзіндік әсер беріп қана қоймай, тіпті менталитетті де өзгертеді.

Бұл зерттеудің негізгі мақсаты - әлеуметтік желілердің жастарға әсерін талдау. Бүгінгі таңда жастар өмірін теледидарсыз, интернетсіз, әлеуметтік желілерсіз елестету мүмкін емес. Балалар мен жасөспірімдерге арналған контенттер жоғары сапалы және білімділік пен біліктілікті, қоғамдық саяси белсенділікті таныта отырып жастардың үлкен өмірге дұрыс бағыттағы жолдама алуына көмектесуі тиіс.

Материалдары мен әдістері

Бұл мақалада топтың немесе жеке адамдардың ерекшеліктері мен әлеуметтік медианы қабылдауы және интернеттің жастарға әсерін сипаттайтын зерттеудің сипаттамалық түрі қолданылды. Зерттеу барысында сауалнамалар жүргізіліп, жастардың пікірлері қарастырылды.

Ғалымдардың айтуы бойынша, "Интернет әлемдік ақпараттық жүйе ретінде, жаңа мәдениетті алып келді. "Интернет" жаңа дәуірдегі ақпараттық қоғамның негізгі құрылымы болып табылады. Сонымен қатар, әлеуметтік желілердің қоғамға әсерінің нақты еместігі көптеген қызығушылық тудырады (Губанов Д.А., Новиков Д.А., Чхартишвили А.Т., 2010).

Әлеуметтік желілер, ең алдымен, қарым-қатынастағы шекараны кеңейтуге, ескі таныстарды, бұрынғы сыныптастар мен достарды табуға көмектесу үшін жасалды, бірақ уақыт өте келе бәрі өзгерді. Қоғам дамуының қазіргі кезеңінде әлеуметтік желілердегі байланыс әлемдік деңгейге жетті. Жүргізілген сауалнама нәтижесі бойынша қолданушылардың жалпы санының тек 1% -ы ешқашан әлеуметтік желілерге кірмеген және қызығушылығы аз. Халықтың қалған бөлігінің 49% -ы күніне 3-тен 4 сағатқа дейін, ал 23% - 5 сағатқа дейін, 9% - жұмыс бабы бойынша 5-6 сағатқа дейін отыратынын, ал 18% - уақытқа қарамайтынын айтты. Қазіргі кезде, кішкентай сәбидің өзі 2 жасынан бастап ютуб желісіндегі түрлі-түсті мультфильмдерді көрсе, ересектерде әлеуметтік желілердің трендтерінен қалмай, бәрін қадағалап отырады.



Екінші рет жүргізілген сауалнамада тек қана жастар қатысып, бірнеше сұрақтарға жауап берді. Сұрақтардың легі келесідей болды:

1. Интернетті қаншалықты жиі қолданасыз?
2. Қандай желілерде жиі отырасыз?
3. Интернетте отырғандықтан басқа үй шаруаларын кейінге қалдыратын кездер болады ма?
4. Интернетке бөлінген уақытыңызды қаншалықты жиі ұзартасыз?
5. Интернет сіздің жұмысыңызға кедергі келтіреді деп ойлайсыз ба?

Біздің жүргізген сауалнама сарапшылардың соңғы кездегі тұжырымдарына сәйкес келді. Бірінші сұраққа 70 адамның 70-і, яғни 100 пайызы «иә» деп жауап берді. 2 сұраққа көпшілік: инстаграм, ютуб, тикток, вк желілерін атап өтті. 3 сұраққа 86 пайызы «иә» деп, 14 пайызы «жоқ» деп жауап қайтты. 4 сұрақ бойынша, 82 пайызы «иә», 18 пайызы «жоқ» деген жауап айтты. 5 сұраққа 73 пайызы «иә» деп жауап берсе, 27 пайызы «жоқ» деп жауап берді. Жастар арасындағы интернетке тәуелділік тақырыбындағы жоба бойынша, біз бұл проблемаға кеңінен тоқтала кеттік. Түрлі сауалнамалармен қоса психологтардың да пікірін білдік. Қостанай облысындағы танымал психологтардың бірі Людмила Должикова Интернеттегі балансты ұстай білу керек деген пікірді ұстанады. Яғни, Интернеттің жастарға пайдасы зор, бірақ шынайы өмірмен шатастырып алмағаны жөн. Достарымен далада серуендеп, немесе туысқандарымен таза ауада жиі гаджетсіз демалған адамның ағзасына да психологиялық дамуына да оң әсерін береді деген оймен бөлісті.

Нәтижелер мен пікірлер

Инновациялық журналистиканың дамуымен көпшілік жылдам ақпарат алу мақсатында интернетке жиі жүгінеді. Инновациялық, яғни жаңа әлемдегі заманауи журналистиканың пайда болуы және оның үздіксіз дамуы оң әсерлерінен бөлек теріс жақтарын да ала келді. Зерттеуші Дэвид Нордфордстың: «Инновациялық публицистика, заманауи процестер мен экожүйелерді қамтитын журналистика тәжірибесіндегі экономика мен жұртшылық арасын байланыстыратын негізгі буын болып табылады», - деген пікірі осыған дәлел бола алады. (David Nordfors, 2009).

Ал Кристофер Стерлингтің пікірінше инновациялық журналистика дегеніміз - бұл компьютерлік технологияның үрдістеріне, денсаулық пен медицинаға немесе жаңа өнімдердің, нарықтардың және өндірістердің дамуымен байланысты жаңалықтарды хабардар ету (Кристофер Х. Стерлинг., 2009). Осы тұрғыда заманауи журналистикамен, соның ішінде ақпарат беру құралдарымен өскелең ұрпақ қалай жұмыс жасайтыны елді

алаңдатады. Жоғарыда айта кеткендей интернеттің артықшылықтары мен кемшіліктерімен жастар таныс па? Қазіргі таңда ақпарат беру көздері болып табылатын әлеуметтік желілерде кімдер отырады? Қандай мақсатпен және қаншалықты жиі қолданады деген сұрақтарға жауап іздеп көрдік. Сонымен қатар, тақырыпқа сәйкес Адам Джонсонның 1998 жылғы зерттеуіне тоқталсақ, әлемдік желі белең қатты белең алмаған кезде-ақ, бұл мәселенің көкейкестілігін көрсетеді. Бұл зерттеуде әлеуметтік медианың жастарға әсер етуі көрініс тапқан. сауалнамаға қатысушылардың 20% -ы әлеуметтік желілерде оқудың артықшылығы бар екенін айтқан, ал 20% -ы әлеуметтік желілер арқылы достарымен байланыста болу мүмкіндігіне ие болса, жауап берушілердің 28% - көңіл көтеру мақсатында пайдаланса, қалған 18% -ы тұрмыс талабын жеңілдету мақсатында қолданады (Joinson, A. N. 1998). Ал, ғалымдар Маккена мен Баргтың зерттеулерінде респонденттер интернетте шекараның жоқтығы, өзін-өзі ашу, дамыту арқылы көкжиектерді кеңейту, сыртқы келбетке негізделген бағалаулардың жоқтығы жайлы атап кеткен. Сауалнама нәтижелері әлеуметтік медианы шамадан тыс пайдалану денсаулыққа зиян келтіретінін және біздің мәдениетімізге әсер ететінін көрсетеді. Интернетті қолданған кезде пайдаланушылар мәдени құндылықтар мен әлеуметтік нормаларды есте ұстауы керек (McKenna, K. Y. A. ,Bargh, J. A. 2000).

Осы тұрғыда Илен Берсон, Майкл Дж. Берсон «Америка Құрама Штаттары мен Жаңа Зеландиядағы жастардың салыстырмалы талдауы нәтижесінде жасөспірімдердің интернеттегі мінез-құлқы» атты еңбегі келесідей қорытындыланған болатын.

Сандық байланыс ғаламдық түсіністікпен, көпмәдениетті құрметпен, әртүрлілікпен және толеранттылықпен тығыз байланысты (Берсон және Берсон, 2005). Интернет - сауаттылық хабарлар құру, көзқарастарды түсіндіру және басқалардың жауаптары мен әрекеттеріне әсер ету әрекеттеріне жауап беру сияқты дағдыларды жалғастыруды қажет етеді. Алайда, жастар, әсіресе, цифрлық ортада қарым-қатынасты дұрыс қабылдамауға бейім, ортақ көзқарастар мен пікірлердің нюанстарын түсінбейді.

Ашавидия Кусума өзінің «Әлеуметтік медианың жастарға әсері» атты еңбегінде жасөспірімдердің әлеуметтік желілерде уақытын ұзақ өткізу әсерінен психопатологияның пайда болуы мен дамуы мүмкін екенін айтады (Ashavidya Kusuma, 2020). Ал ғалым Аманда Мэрчент өз еңбегінде желілік қауымдастықтағы әлеуметтік өзара әрекеттесу психикалық денсаулық проблемалары үшін маңызды тәуекел факторлары ретінде сипаттаған. Әлеуметтік желілерді қолданушылар өз-өзін жоғары деңгейде бағалауға бейім болып келеді (A. Marchant et al., 2017).

Жеке тұлғаны дамыту жолына енді қадам басқан балалардың виртуалды әлемде уақыт өткізуі болашақта олардың көпшілігі қажетті коммуникативтік дағдыларды игере алмауы мүмкін екенін көрсетеді. Олар нақты адамдармен қарым-қатынас фобияларын туғызады. Болашақта бұл жағымсыз тәуелділіктің бір түріне айналуы мүмкін. Қазір бұл құбылыстың анықтамасы бар - киберқұмарлық. Бұл аңыз емес, шындық. Жастар виртуалды әлемге ене отырып, шынайы әлеммен байланысын жоғалта бастайды, әлеуметтік мәселелерден кибер кеңістікке ауысып, оларды шешпейтінін, бірақ қиын шындықтан аз ғана алшақтайтынын түсінбейді. Ал болашақта олардың шындыққа оралуы қиынырақ болады.

Біздің заманымыздың ең қызықты және сонымен бірге маңызды мәселелерінің бірі- жастардың құндылық бағдарларын зерттеу. Бүгінгі ақпараттық қоғамда жастар әлеуметтік топ ретінде әртүрлі факторлардың әсеріне ұшырайды. Бұл процесс жастардың әлеуметтік тәжірибесінің аздығына байланысты олардың үлкен өмірге қадам басқан шағында көптеген қиындықтар туғызады.

Жастар-қоғамның мәдениетін қалыптастырып, өз ерекшеліктері мен құндылықтар жүйесін динамикалық түрде дамытып келе жатқан бөлігі. Бұл, бірінші кезекте, айналасындағы болып жатқан құбылмалы әлемге байланысты. Әлем қалай дамыса, қоғам да және оның тез бейімделгіш бөлігі жастар да солай құбылады. Сонымен қатар,

жасөсіпмдердің өмірлік құндылықтарының қалыптасуы барысында дүниежүзінде болып жатқан факторлардың әсері мол. (Мунтян П, 2017).

Ақпараттық қоғам дамыған сайын көпшілік оған бағынып, жаңашылдықтарын үйренуге мәжбүр болып та жатады. Аталмыш дәуірде ақпарат пен білім қоғамның негізгі ресурстарына айналады, олар экономикалық әл-ауқат факторы ретінде маңызды рөл атқарады.

Негізгі құндылықтардың қалыптасуы, яғни оны жинау, зерделеу, қабылдау сынды әрекеттері жасөсіпмнің 18-20 жасында басталады. Сонымен, құндылықтарды қалыптастыру процесі орнығып, моральдық нұсқаулықтардың бұл жүйесі іс жүзінде өзгеріссіз қалады — жетілген адамның санасындағы негізгі құндылықтардың кенет өзгерісі тек қатты күйзеліс пен эмоционалдық дағдарыстың әсерінен болады.

Қазіргі әлемде, соның ішінде Қазақстанда болып жатқан жайттар адамдардың жеке, әлеуметтік болмысының мәні мен негізін және басты идеяларын өзгертті. Өмірлік табыстың мәні, оларға қол жеткізудің мақсаттары мен құралдары басқаша түсінік қалыптастырды. Адамдар қоғамның рухани-адамгершілік саласына аз көңіл бөле бастайды.

Ақпараттық-коммуникациялық технологияларды, оның ішінде ғаламдық Интернет желісін түсіну жастарға ақпараттық сауаттылықты, компьютерлік мәдениетті, қарым-қатынасты арттырудағы өте күшті ынталандыру болып табылады. Осы тұрғыда ең бастысы өзін-өзі тану және тәрбиелеудегі жаңа мүмкіндіктерінің көкжиегі кеңейді.

Көптеген зерттеулердің нәтижелері моральдық құндылықтарға қазіргі жастардың аса мән бермейтіні жайында баяндайды. Рухани және мәдени құндылықтар, тіпті, соңғы жолдарда тұр деседі. Бұл жастардың құндылықтар жүйесін, ең алдымен өмірлік жетістік өлшемдерімен үйлестіретіндігіне байланысты.

Қазіргі жастар үшін кез-келген идеалға немқұрайлы қарау және өмірге деген сыни көзқарас тән (Мунтян П, 2017.). Сонымен қатар, сыни көңіл-күй мен "моральдық болжамның" таралуы жас ұрпақ үшін аса қауіпті. Сонымен қатар, зерттеулерге сәйкес, соңғы 20 жылда жастар принципсіз болып келеді деген де ой бар. Жастардың көп бөлігі қазіргі заманды толыққанды қабылдап, өзгерістеріне мойынсұнып, мәдениетті қабылдап, ал кейбір рухани және моральдық құндылықтарды ескірген деп есептейді.

Бүгінгі таңда Интернет қоғам үшін маңызды жұмыстардың бірін орындайды, ол — байланыс, ақпарат алмасу. Әлеуметтік медиа сайттары жастарға өзін-өзі тануға, "өзін-өзі таныстыруға" көмектеседі. Замандастары мен достарының қолдауы, туыстарының, жақындарының қолдауынан гөрі маңыздырақ болып келеді. Біріншіден, өмірде өз ойын ашық айтудан гөрі әлеуметтік желі арқылы жеткізу жастар үшін оңайырақ болып көрінуі мүмкін.

Олар үшін әлеуметтік медианы қолданудың негізгі себептері-достар, сыныптастар табу және олармен қарым-қатынас жасау. Айта кету керек, әлеуметтік желілер қазіргі жастардың бос уақытының көп бөлігін алуда. Интернет желісінің ресурстарын өз бетінше пайдалана отырып, әлі де дүниетанымы қалыптаспаған, өзі үшін маңызды бағыттарды айқындамаған жастар үшін жалған ақпаратқа тез еріп кету қауіпі жоғары.

Психологтардың арасында әлеуметтік желілер қазіргі жас ұрпаққа өзін жалғыз сезінбеуге, күйзеліспен күресуге көмектеседі деген пікір бар. Алайда, жас адамдардың өмір сүру кеңістігін бақылау басқаша ойға сендіреді: интернет қолданушысы басқа адамдардың пікіріне тәуелді болып келеді. Бұл жағдайдың нәтижесі күйзеліске немесе адамның виртуалды желіге тәуелділігіне әкеп соғады. (Насимов М. О, 2015).

Интернеттің дамуы жаңа мәдени сәйкестіктердің пайда болуын білдіретін виртуалды кеңістіктің құрылуына әкелді. Жастар үшін бұл жаңа мәдени тәжірибелер өзгеше қарым-қатынасқа, қауымдастықтардың жаңа түрлері сыналатын аймаққа айналды (Еркежан Айтқызы, 2020).

Әлеуметтік желілерде тәрбиеленген жастардың тіл табысуы, сауатты сөйлесуі және коммуникациялық байланысқа түсуі қиындық туғызады деген де тұжырымдамалар

жеткілікті. Сонымен қатар, жастар әлдеқайда маңызды шектеулерге мән бермейді. Мысалы, жастар достарын өздері таңдайды. Егер досы көңілінен шықпаған жағдайда, ештеңе түсіндірместен достарының тізімінен ысыра сала алады. Интернеттегі пікірлесінің жасын да, беделін де білместен қаралай салу оңай. (Насимов М. О, 2015).

Қазіргі уақытта көптеген интернет пайдаланушылар әлеуметтік желілердің мүмкіндіктерін негізінен ойын-сауық мақсатында қолданады. Бұл жеке және ұжымдық күйреуге әкеліп соғуы мүмкін.

Әлеуметтік желілер интернетті көп қолданушылар үшін ең жылдам әрі ыңғайлы алаңға айналып отыр. Ол интернет пайдаланушылардың өз идеяларын таратудың қолайлы және тиімді арнасы болып табылады. Әлеуметтік желілер арқылы олар алда болатын іс-шаралар, қызықты кездесулер туралы біледі, бірлестіктер мен қауымдастықтарға кіреді, өздері де кездесулер ұйымдастыра алады, музыка мен бейне файлдар, подкастар, фильмдермен алмасады.

Қазіргі кезде жастардың көпшілігі әртүрлі мәселелер бойынша басқалардың пікірін білу үшін блог жүргізуді жөн көреді. Желі сенімсіз адамға сұранысты сезінуге мүмкіндік береді. Ол болашақта бұл адаммен сөйлесетін ештеңе болмауы мүмкін деп қорықпай, жаңа таныстар таба бастайды. Қызығушылық топтарына қосыла отырып, ол бас тартудан да қорықпайды (Сидоров А.И., Мухарлямова А.Ю., 2013). Адамдар фотосуреттер мен видеоларды сыртқы ортадан жасқанбай және сырттан айтылатын сынға мән бермей орналастырады. Интернетте олар дұрыс түсінілмеуінен, бағаланбауынан алаңдамайды. Қоғам қабылдай алмайтын кез келген нәрсені әлеуметтік желі қабылдайды. Адам өзінің жеке парағын толтырған кезде өзінің виртуалды бейнесін жасайды.

Ақпараттық ағындарда жылжуға мүмкіндік беретін жеке тұлғаның ақпараттық-коммуникативтік құзыреттілігі азаматтардың, әсіресе жастардың белсенділігін қалыптастырудың маңызды факторы болып табылады. Әлеуметтік желілердің даму мүмкіндіктері туралы көптеген көзқарастар бар және олар бағытталған мақсатты аудиторияға байланысты. (Еркежан Айтқызы, 2020).

Бүгін біз виртуалды компьютерлік әлеуметтендіру немесе адамзаттың кибер кеңістігіндегі әлеуметтенуі – адамның өзін-өзі тану құрылымының әсерінен болатын процесі сияқты тұжырымдаманы сенімді түрде айта аламыз. Кибер әлеуметтену процесінде адам бірқатар жаңа дүниелер, мүдделер, түрткілер мен мақсаттар, қажеттіліктер мен көзқарастарды күте бастайды, сондай-ақ кибер кеңістікпен тікелей байланысты психологиялық және әлеуметтік қызмет түрлеріне ие болады (Еркежан Айтқызы, 2020).

Бүгінгі таңда әлеуметтік желілер классикалық әлеуметтену институттарын — отбасы, мектеп, нақты достар мен құрдастарды артта қалдырады деген болжамдарға тоқтала аламыз.

Әлеуметтік желілердің адамдардың қарым-қатынасына және адамның қалыптасуына әсері екіұштылыққа ие. Бір жағынан, әлеуметтік желілер қарым-қатынасты сақтау мүмкіндігін айтарлықтай жеңілдетеді, танысу мүмкіндіктерін кеңейтуге, достар табуға, ескі таныстарға, кейде жұмыс іздеуге ықпал етеді деген қорытындыға келеміз. Бірінші кезекте, әлеуметтік желілерде танымайтын бөтен адамдармен тез тіл табысып кетуге мүмкіндік бар. Әрине, бұның да өз оң жағы да, теріс жағы да бар. Пікір алмасып, өзі секілді ойлайтын адам табу интернетте оң оңай. Тәуліктің қай уақыты болмасын интернет кеңістігіне шығып, өз пікірінді айтып, эмоционалдық жағдайымен бөлісіп, хәл-жағдай сұрасуға, соңғы жаңалықтар мен бөлісуге болады.

Әлеуметтік желіні, ең алдымен ақпарат алмасу құралы ретінде де қарастырсақ қателеспейміз. Яғни, түрлі жаңалықтардан хабардар болып, баяндалған ақпарат бойынша өз пікірімізбен бөлісеміз. Жәй хабардар болып қоймай, сол оқиғаға қатысты өз пікірімен бөлісіп, ақпарат іздеп, оны талдап, өзінің сараптамалық қабілеттерін арттырады десек болады. Үшіншіден, әлеуметтік желіден түрлі көңіл көтеретін әндер, фильмдер, суреттер, мақалалар табуға болады және олардың бәрі тегін. Оған қоса, білім беретін деректі

фильмдер мен кітаптар, лекциялар мен мақалаларды да қалағанынша тауып оқуға болады. Коронавирус пандемиясы кезінде қалың көпшілік тегін білім беретін онлайн ресурстардың көп екеніне көзі жетіп, олардың бәрі қолжетімді екенін білді. Білімдерін дамытты, қабілеттерін арттырды. Интернеттің жастарға беретін үлкен оң әсері деп осыны айтуға болады. Сонымен қатар, ЖОО орнын зәулім ғимаратсыз, кең аудиториясыз, топ-топ студенттерсіз елестету мүмкін емес еді. Ал, бүгін үйреншікті жайтқа айналып бара жатыр. Білімінді шыңдау үшін тек қана компьютер мен интернет болса жарайды. Сонымен бірге, жаңа бизнес ашқан жағдайда, клиенттерді локация бойынша талдап, қызығушылықтарына сараптама жасап отыруға болады (McKenna, K. Y. A. ,&Bargh, J. A. 2000).

Бірақ екінші жағынан, бұл электронды байланыс деп аталатын жаңа проблеманы туғызады. Бұл бүгінгі таңдағы өткір әлеуметтік проблемаға айналып отыр. Өйткені жастар өмір шыңдығы мен жақындар арасындағы қарым-қатынастан алшақтай түседі. Өмірдегі қарапайым байланыстың орнына ол барлық бос уақытын интернетте өткізіп, виртуалды байланысқа тәуелді болады. Әлеуметтік желілерде көп уақыт өткізіп, басқа пайдаланушылармен қарым-қатынас жасайтын адам оқу, жұмыс және маңызды мәселелер туралы ұмытады. Өздерінің барлық эмоционалды күштерін көзге көрінбейтін адамдармен сөйлесуге, қарым-қатынасқа жұмсайды.

Көптеген зерттеулердің нәтижелері интернет-коммуникацияны барынша қарқынды қолданатын жастар өзін-өзі тану және өзін-өзі дамытуға онша қызығушылық танытпайды деп айтуға негіз береді. Алайда, интернет-коммуникацияны қолданудың орташа және жоғары қарқындылығы бар пайдаланушылар арасындағы ақша, материалдық әл-ауқат олардың құндылық иерархиясында екі есе жиі кездеседі. Интернет-коммуникацияның қарқындылығы неғұрлым жоғары болса, пайдаланушылар моральдық қасиеттер екінші орынға ысырылады. Интернет-коммуникацияны қарқынды қолданушылар арасында әлеуметтік мәртебе, бедел, билік, көшбасшылық өмірдегі басты құндылық ретінде жиі кездеседі. Интернет байланысының қарқындылығы деңгейінің жоғарылауымен білім де өз құндылығын жоғалтып алмаса болғаны (Сидоров А.И., Мухарлямова А.Ю., 2013).

Қазіргі жастар арасында қарама-қайшылықтар мен құндылық бағдарлары, әлемнің тұтас бейнесінің болмауы жиі байқалады. Қазіргі қазақстандық жастардың санасында әлеуметтік маңызды құндылықтар индивидуалистік тәртіптің нұсқауларымен алмастырылады.

Шындық заңдарына сәйкес жұмыс істейтін иллюзиялық, фантастикалық әлемнің үйлесімі виртуалды әлемді ерекше тартымды етеді. Қоршаған шындыққа (жеке, экономикалық, әлеуметтік-мәдени аспект және т.б.) қанағаттанбауына байланысты компьютерлік тәуелділік біртіндеп күшейе түседі, бұл адамның виртуалды әлемге артықшылық бере бастайтындығына әкеледі.

Қорытынды

Жоғарыда айтылған мәселелерді талқылай келе, әлеуметтік медианы қолданушыларға әлеуметтік желіні пайдалану ниетін түсіну және ақпараттық сайттарды пайдалану туралы, сондай -ақ қосымшаларды қолданудағы деректерді қорғау мәселелері туралы хабардар болып отыруды ұсынамын. Жасөспірімдер бос уақыттарын WhatsApp, Twitter, Facebook және YouTube-тегі бейресми чаттар мен хабарламаларға жұмсамай, әлеуметтік байланыстарды жақсарту үшін уақыттарын әлеуметтік желілерде тиімді пайдалануы керек. Жасөспірімдердің болашағын қамтамасыз ету үшін оқытушылар мен ата -аналар үлкен жұмыс атқаруы керек (J. Nesi, 2020).

Мұғалімдер студенттерге әлеуметтік медианы академиялық мақсаттарда қолдану тәжірибесін енгізу үшін олардың бағалауы мен оқулықтары үшін оқу платформасынан қолдау алуға мүмкіндік беретін жаңа әдістерді енгізуі керек.

Жастар ұялы телефондарды қолданады және интернетті қарайды, бұл олардың күнделікті өміріне жоспар құру арқылы азаяды. Ата -аналар немесе қамқоршылар баласын

әлеуметтік желіні теріс пайдаланудан қорғау үшін осылай жасауы керек. Академиялық мекемелер білім беру мүмкіндіктерін реттемеуі тиіс (G. A. Kumar and A. Ravi Kumar 2020). Әлеуметтік желілердегі әсер мен құмарлық темекіге әуестенуден әлдеқайда нашар (L. Garey, S. J. Japuntich, K. M. Nelson, and L. A. J. Scott Sheldon, 2020).

Рухани құндылық – мемлекеттің дұрыс қалыптасуының ең басты тірегі. Бұл құндылықтың негізгі қасиеттері тек тәрбие арқылы келетінін ұмытпауымыз керек. Қазіргі жаһандану кезеңінде өмір сүріп жатқан жастар осы құндылықты бағалай алмайтын сияқты. Осы кезде ғұлама Әл-Фарабидің мына сөзі ойға келеді: «Білім алмас бұрын, мықты тәрбиені қалыптастыру керек, олай болмаған жағдайда, яғни, тәрбиесіз алған білім қоғамға өте қауіпті» екенін айтады. Осыдан келіп, өз өмірлерін қажетсіз дүниелерге сарп етіп жүрген жастарды көруге болады. Бұл адамдардың өзіндік мені, ішкі дүние танымы, өзіндік санасы қалыптаспаған. Жасыратыны жоқ, қазіргі жаһандану заманында рухани құндылықтарды қалыптастыратын негізгі факторларды интернет, ашық түрде көрсетілетін ақпарат, бұқаралық ақпарат құралдары алмастырған. Бірақ пайдаланушылар алаяқтар мен зұлым адамдар нақты әлемде ғана емес, виртуалды әлемде де бар екенін түсінбей жатады. Сондықтан жасөспірімдерге бейне фильмдерді көруге немесе белгілі бір жаңалықтарды оқуға тыйым салудың қажеті жоқ. Тек оның көрген бейне фильмдерімен немесе тыңдаған жаңалығымен, араласып жүрген виртуалды достарымен қарым-қатынасы туралы педагогтар немесе үлкендермен бөлісіп, қажет жағдайда түсіндірме жұмысын жүргізу қажет. Мектептерде әлеуметтік парақшаларда жеке ақпараттарды жүктемеу, фотосуреттерді таратпау, шындыққа жанаспайтын ақпараттардан аулақ болу жайлы түсіндіретін сандық сауаттылық бойынша дәрістер жиірек жүргізілуі қажет. Бұл жас ұрпақты интернет, желілік жаһандану заманында тәрбиелеудің жалғыз дұрыс жолы.

Әдебиеттер тізімі

1 Губанов Д.А., Новиков Д.А., Чхартишвили А.Т. Социальные сети: модели информационного влияния, управления и противоборства / бас корр. РАН Д.А. Новикова. М.: Баспа: физика-математикалық әдебиет, 2010. — 228 б.

2 Еркежан Айтқызы. Әлеуметтік желі – ақпарат алаңы һәм табыс көзі // Егемен Қазақстан, 05.02.2020 г. / <https://egemen.kz/article/219769-aleumettik-dgeli-%E2%80%93-aqparat-alanhy-qam-tabys-kozi>

3 Мунтян П. Влияние сети Интернет на развитие человека как психологическая проблема: (<http://psynet.carfax.ru>)

4 Насимов М. О., Қоғам өміріндегі әлеуметтік желілердің рөлі/ М.О. Насимов, Б.Ж. Паридинова. – Мәтін: непосредственный// Молодой ученый. – 2015. - №7.2 (87.2) – 26-28

5 Сидоров А.И., Мухарлямова А.Ю. Социальные сети и их влияние на молодежь // Заманауи ғылыми технологиялар. – 2013. – № 7-2. – б. 219.

6 A. Marchant et al., “A systematic review of the relationship between internet use, self-harm and suicidal behaviour in young people: The good, the bad and the unknown,” PLoS One, vol. 12, no. 8, pp. 1–26, 2017, doi: 10.1371/journal.pone.0181722. <https://doi.org/10.1371/journal.pone.0181722>

7 Ashavidya Kusuma, Impact of Social Media On Youth, 2020. <https://www.researchgate.net/publication/347437746>

8. J. Nesi, “The Impact of Social Media on Youth Mental Health: Challenges and Opportunities,” N. C. Med. J., vol. <https://www.ncmedicaljournal.com/content/ncm/81/2/116.full.pdf>

9. G. A. Kumar and A. Ravi Kumar, “A study on impact of social media on academic performance,” Int. J. Manag., vol. 11, no. 1, pp. 15–21, 2020, doi: 10.34218/IJM.11.1.2020.003.

10. L. Garey, S. J. Japuntich, K. M. Nelson, and L. A. J. ScottSheldon, “Using Social Media to Recruit Youth Who Use Electronic Cigarettes,” Am. J. Health Behav., vol. 44, no. 4, pp. 488–498, 2020, doi: 10.5993/AJHB.44.4.10

11. D. Nordfors Innovation journalism, attention work, and the innovation economy. A Review of the Innovation Journalism Initiative 2003-2009 Archived 2012-03-16 at the Wayback Machine Innovation Journalism Vol.6 No.1. 2009
12. Craig Carrol Innovation Journalism (chapter) Encyclopedia of Journalism Ed. Christopher H. Sterling. Thousand Oaks, Calif.: SAGE Reference, 2009.
13. Ilene R. Berson, Michael J. Berson Challenging Online Behaviors of Youth: Findings From a Comparative Analysis of Young People in the United States and New Zealand. 2005
14. Joinson, A. N. (1998). Causes and implications of disinhibited behavior on the Internet. In J. Gackenbach (Ed.), Psychology and the Internet: Intrapersonal, interpersonal and transpersonal implications (pp. 43-60). New York: Academic Press.
15. McKenna, K. Y. A. ,&Bargh, J. A. (2000). Plan 9 from cyberspace: The implications of the Internet for personality and social psychology. Personality and Social Psychology Review, 4(1), 57-75.

References

1. Ashavidya Kusuma, Impact of Social Media On Youth, 2020. <https://www.researchgate.net/publication/347437746>
2. A. Marchant et al., "A systematic review of the relationship between internet use, self-harm and suicidal behaviour in young people: The good, the bad and the unknown," PLoS One, vol. 12, no. 8, pp. 1–26, 2017, doi: 10.1371/journal.pone.0181722. <https://doi.org/10.1371/journal.pone.0181722>
3. Craig Carrol Innovation Journalism (chapter) Encyclopedia of Journalism Ed. Christopher H. Sterling. Thousand Oaks, Calif.: SAGE Reference, 2009.
4. D. Nordfors INNOVATION JOURNALISM, ATTENTION WORK, AND THE INNOVATION ECONOMY. A Review of the Innovation Journalism Initiative 2003-2009 Archived 2012-03-16 at the Wayback Machine Innovation Journalism Vol.6 No.1. 2009
5. Erkezhan Ajtqyzy. Əleumettik zheli – aqparat alany ham tabys kozi // Egemen Qazaqstan, 05.02.2020 g. /[Social network-a platform for information and a source of income] <https://egemen.kz/article/219769-aleumettik-dgeli-%E2%80%93aqparat-alany-qam-tabys-kozi>
6. Gubanov D.A., Novikov D.A., CHkhartishvili A.T. Social'nye seti: modeli informacionnogo vliyaniya, upravleniya i protivoborstva / bas korr. RAN D.A. Novikova. [Social networks: models of information influence, management and confrontation] M.: Baspa: fizika-matematikalyq adebiet, 2010. — 228 b.
7. Joinson, A. N. (1998). Causes and implications of disinhibited behavior on the Internet. In J. Gackenbach (Ed.), Psychology and the Internet: Intrapersonal, interpersonal and transpersonal implications (pp. 43-60). New York: Academic Press.
8. G. A. Kumar and A. Ravi Kumar, "A study on impact of social media on academic performance," Int. J. Manag., vol. 11, no. 1, pp. 15–21, 2020, doi: 10.34218/IJM.11.1.2020.003.
9. J. Nesi, "The Impact of Social Media on Youth Mental Health: Challenges and Opportunities," N. C. Med. J., vol. <https://www.ncmedicaljournal.com/content/ncm/81/2/116.full.pdf>
10. Joinson, A. N. (1998). Causes and implications of disinhibited behavior on the Internet. In J. Gackenbach (Ed.), Psychology and the Internet: Intrapersonal, interpersonal and transpersonal implications (pp. 43-60). New York: Academic Press.
11. Ilene R. Berson, Michael J. Berson Challenging Online Behaviors of Youth: Findings From a Comparative Analysis of Young People in the United States and New Zealand. 2005
12. L. Garey, S. J. Japuntich, K. M. Nelson, and L. A. J. ScottSheldon, "Using Social Media to Recruit Youth Who Use Electronic Cigarettes," Am. J. Health Behav., vol. 44, no. 4, pp. 488–498, 2020, doi: 10.5993/AJHB.44.4.10

13. Muntyan P. Vliyanie seti Internet na razvitie cheloveka kak psihologicheskaya problema: [The influence of the Internet on human development as a psychological problem] <http://psynet.carfax.ru/>

14. Nasimov M. O., Qoʻram omiridagi aleumettik zhelilerdin roli/ M.O. Nasimov, B.ZH. Paridinova. – Mətin: neposredstvennyj [The role of social networks in the life of society]// Molodoj uchenyj. – 2015. - №7.2 (87.2) – 26-28

15. Sidorov A.I., Muharlamova A.YU. Social'nye seti i ih vliyatnie na molodezh' [Social networks and their impact on young people]// Zamanai gylymi tekhnologiyalar. – 2013. – № 7-2. – b. 219.